



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Тұжырымдамасының жобасы (мерзімі – 2017 жылдың соңына дейін).
6. «Қазақстан Республикасының туристік саланы дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы (мерзімі – 2017 жылдың қыркүйегі).

ӘОЖ 005.57

АҚПАРАТТЫҚ ЭКОНОМИКАҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАМУ ТРЕНДІ РЕТІНДЕ

Лаура Маратқызы

laura-997@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономикалық факультет, Менеджмент мамандығының 3-курс
студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Б.Т.Онаева.

Қазақстанның қалыптасып келе жатқан сандық экономикасына терең талдау тек осы типтегі экономиканың мәнін ғана емес, сонымен қатар адамзат қоғамын экономикалық ұйымдастырудағы жаһандық қайта құру мәнін толық ашуды талап етеді ғана. 1950 жылдардан бастап әлем елдері жаппай өндірістің постиндустриалды экономикасын бастан кешірді, ол кейін 1990 жылдары білім экономикасына және 2000 жылдары ақпараттық экономикаға ұласты.

Мақаланың мақсаты – экономиканың негізгі салаларын, профильдер мен кейстер, кедергілер және оларды жену жолдарын зерттеу арқылы Қазақстандағы ақпараттық экономиканың даму үрдісін бағалау.

1950 жылдардан бастап әлем елдері жаппай өндірістің постиндустриалды экономикасын бастан кешірді, ол кейін 1990 жылдары білім экономикасына және 2000 жылдары ақпараттық экономикаға ұласты. Өндірістің жалпы факторы ақпарат және коммуникациялық технологиялар (АКТ) болды. АКТ пайдалану арқылы ғаламтордың электрондық ортасында әр түрлі әлеуметтік-экономикалық қызмет түрлерін көрсету цифрлық экономиканы қалыптастыру үрдістерінің бірі болып табылады: е-коммерция, электрондық бизнес, электронды оқыту, электронды БАҚ және электрондық үкімет. Әр түрлі зерттеулерге сәйкес, "ғаламтор-экономиканың" көлемі G20 елдерінде олардың ЖІӨ-не шаққанда 2016 жылы шамамен 4,1 пайызға, 2017ж - 8,3 пайызға өсті. [1, 2]

Жаһандық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар немесе Интернет технологияларды дамытудағы заманауи жетістіктер экономикалық қызмет үшін жаһандық электрондық ортаның қалыптастыруға алып келді, бұл, өз кезегінде, бизнесте және адамның әлеуметтік-экономикалық қызметіндегі басқа салаларында ұйымдық және институционалдық дизайн үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. АКТ адамдар мен қауымдарды біріктіруде; инновацияларды және өнімділікті арттыруда; өмір сүру деңгейін арттыруда; бәсекеге қабілеттілікті арттыруда және қоғамды жаңғыртуда, экономикалық және әлеуметтік кедергілерді еңсеруге, сондай-ақ кедейшілік деңгейін қысқартуда шешуші рөл атқарады.

Батыс Еуропада Солтүстік Америка мен Азия-Тынық мұхиты өңірі сияқты әлемдік саудадағы электрондық коммерция шамамен 90 пайызды құрайды [3].

Қазіргі уақытта экономикалық ұйымдастырудың екі тұжырымдамасы қабылданады: білім экономикасы және электрондық экономика. Электрондық тауарлар мен қызметтер арқылы жұмыс істейтін, электрондық іскерлік операциялар және электрондық сауданы іске асыратын және электрондық ақшаны пайдаланатын экономика электрондық немесе цифрлық экономика деп аталады. Осы анықтауға электрондық экономиканың электрондық үкімет,

электрондық бұқаралық ақпарат құралдары және электрондық оқыту бағыттарын қосуға болады [3].

Кесте 1. Жаһандық экономикалық ұйымдастыру үрдісі

Қоғам типі	Экономика типі	Экономиканың негізгі секторы	Өндірістің негізгі факторы	Уақыт периоды
Индустрияға дейінгі қоғам	Аграрлық экономика	Ауыл шаруашылығы	Жер	XIX ғ.-ң II жартысына дейін
Индустриялық қоғам	Индустриялық экономика	Өндіріс индустриясы	Капитал	XIX ғ.-ң II жартысынан – XX ғ. ортасы
Индустриядан кейінгі қоғам	Жаппай өндірудің индустриядан кейінгі экономикасы		Жоғары технология	1950 ж.-ң соңы – 1990 жж.
	Білім экономикасы	Қызмет секторы	Адам капиталы	1990-2000 жж.
	Цифрлық экономика		АКТ	2000 ж.-дан бастап
Ескерту: автормен құрастырылған				

Цифрлық технологиялар елдің бәсекеге қабілеттілігіне әсері соншалықты – әлемдегі барлық мемлекет осы саланы жаңғыртуға ұмтылады. Өндірістік үрдістердің қайта құруына алып келетін технологиялар қызмет көрсету сапасы мен тиімділігін арттыруға көмектеседі. Әлемнің қалған елдерінің тәжірибе көрсеткендей, цифрлық технологиялар ЖІӨ-нің өсуіне елеулі үлес қосады, соның салдарынан кейбір елдер цифрлық экономика бойынша тұтас ұлттық бағдарламалар қабылдаған. Алғашқылардың бірі Дания болды. Дания Digital Denmark бағдарламасын 2000 жылы енгізді. Оның мысалына басқалар да ерді: Ұлыбритания — 2008 жылы, Еуроодақ 2009 жылы және Корея — 2013 жылы. Қазақстан да цифрлық экономика бағдары бойынша дамуды алға қойды [4].

Әлемдік жетекші сарапшылардың болжамы бойынша, 2020 жылға қарай әлемдік экономиканың 25%-ы цифрлық болады, мемлекетке, бизнеске және қоғамға өзара тиімді байланысуға мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыратын технологияларды енгізу барынша ауқымды және серпінді үрдіске айналып жатыр. Жеке және мемлекеттік сектор жұмысында ақпараттық технологиялар рөлінің кеңеюі цифрлық мемлекетке көшудің негізі болып табылады. Осы мақсаттар үшін "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы әзірленді [5].

ҚР-да 2017-2020 жылдар аралығына бүкіл экономиканы цифрландыруға бағытталған "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаның құрылуының алғышарттары бірнеше факторлар болды: ғаламдық экономикалық дағдарыс пен мұнай бағасының төмендеуі, сондай-ақ, экономиканы әртараптандыру жолдарын іздеу. Сонымен қатар жеке және мемлекеттік сектор үшін технологиялардың рөлін арттыру да цифрлық мемлекетке көшудің негізгі себептерінің бірі болды. BCG есебіне сәйкес, цифрландыру деңгейі бойынша Қазақстан экономикасы 50-ші орында. Рейтингке цифрлық экономикасы қалыптаса бастаған 85 мемлекет қатысты.

Қазіргі мемлекеттік бағдарлама төрт негізгі бағыттары: "Цифрлық Жібек жолы", "Креативті қоғам", "Сандық түрлендіру экономика салаларында" және "тасымалдары белсенді мемлекет". Accenture сарапшыларының болжамдарына сәйкес, 2020 жылға қарай әлемдік экономиканың 25%-ы цифрлық болады, өйткені экономиканы цифрландыру үрдісін

енгізу мемлекетке, қоғамға және бизнеске бір-бірімен өзара тиімді әрекеттесуге көмектеседі. Мемлекеттік бағдарламаның мақсатты индикаторлары мынадай: интернет пайдаланушылардың үлесі 2020 жылы 78%-ға, Қазақстан халқын эфирлік телехабарлармен қамту 95%-ға; цифрлық сауаттылық — 80%-ға жетуі тиіс [6].

"Зерде" Ұлттық ақпарат коммуникация холдингі" 2016 жылы жариялаған АҚ "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарлама жобасын 2017– 2020 жылдары іске асыруға қажет шығыстар 384,220 млрд теңгені құрауы тиіс болды, оның ішінде 2017 жылы – 25,216 млрд теңге, 2018 жылы – 102,188 млрд теңге, 2019 жылы – 94, 856 млрд теңге, 2020 жылы – 161, 958 млрд теңге. Алайда, жергілікті бюджеттер тарапынан қаржыландыру көлемі жоспарланатын кезеңге арналған тиісті бюджеттерді құру кезінде нақтыланатыны айтылды. 2017 жылғы мамырда жаңа сандар көрсетілді.

Қазақстан Республикасы ақпарат және байланыс Министрлігі осы мақсаттарға қол жеткізу үшін төрт негізгі бағыт бойынша жұмыс жасауды ұсынады. Біріншіден, сенімді, қол жетімді, жоғары жылдамдықты және қорғалған цифрлық инфрақұрылымды дамыту үшін "Цифрлық жібек жолын" құру. Екіншіден, цифрлық экономикаға қажет құзыреттілік пен дағдыны дамыту, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу, сала үшін АКТ мамандарын дайындауға мүмкіндік беретін "креативті қоғам" құру. Үшіншіден, бұл – экономика салаларында цифрлық түрлендіру жүргізу, экономиканың түрлі салаларында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін цифрлық технологияларды жаппай енгізу. Және төртіншіден, "Өте белсенді цифрлық үкіметті" қалыптастыру, бұл үшін электрондық және мобильді үкімет жүйесі жетілдіріледі, мемлекеттік қызмет көрсету саласы оңтайландырылады.

"Цифрлық жібек жолын" жүзеге асыру заманауи ұялы байланыс стандарттарды дамытумен және ғаламтордағы магистральдық желілерді құрумен тығыз байланысты. Осындай бастамалардың барлығы нарық күшімен іске асырылады. Ұялы байланыс операторлары белсенді түрде өз 4G желісін жетілдіріп, ал бұл стандарттың өзі Қазақстанда алғаш рет 2012 жылдың желтоқсанында (Астана және Алматы қалаларында) іске қосылды [4].

Сонымен қатар, "Зерде" ұлттық ақпарат коммуникация холдингі" АҚ Қазақстан халықаралық трафиктің транзит нарығында өз бәсекелестік артықшылығын нығайту мақсатында Еуропа мен Азия арасындағы ақпараттық ағындар үшін барынша қысқа бағытты қамтамасыз ететінін еске салады. Өңіраралық бастамалардың, мысалы, ТАСІМ желісі жобасы – Трансеуразиялық жоғары жылдамдықты ақпараттық магистраль, үйлестірушісі ретіндегі Қазақстан Батыс Еуропа мен Азияның деректер алмасу орталықтарының бірігуіне ықпал етеді. БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхиты үшін ESCAP экономикалық және әлеуметтік комиссиясының талдауына сәйкес, Қазақстан өңірдегі мемлекеттер ішінде халықаралық байланыс арналарының өткізу қабілеті бойынша көшбасшы позицияны иемденеді. Бүгінде Қазақстанның Еуропа-Азия құрлық транзитіндегі үлесі 10%-ды құрайды. Бұл ретте мұндай бағыттағы трафик 75 Гбит/с-ке жетеді.

Сонымен қатар, қазіргі өмір шындығына сай АКТ инфрақұрылымы мен желілердің жылдамдық параметрлері мен қуатын тұрақты ұлғайту және қауіпсіздіктің жоғары дәрежесіне қол жеткізу қажеттігі туындайды. Kaspersky Security Network деректері бойынша, Қазақстан Орталық Азиядағы 85% интернет шабуылдардың объектісі болды, салыстырсақ, бұл көрсеткіш Өзбекстанда 8%, Қырғызстанда 4%, Түрікменстанда 2% және Тәжікстанда 1%-ға тең [7].

Компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыру және АКТ қызметкерлердің біліктілігін арттыру бұл бағыт бойынша басты міндет болып табылады. Қазақстанда 84%-дан астам үй шаруашылықтары ғаламторды пайдаланады, ұлттық спутник желісі абоненттерінің саны 1,2 млн-нан асады, халықтың 71%-ы ақпарат іздеуде отандық БАҚ-тың қызметіне жүгінеді. Жыл сайын Қазақстанда АКТ мамандықтары бойынша орта есеппен 30 мың адам (ҚР ҚР ұлттық экономика Министрлігінің статистика Комитеті ұсынған деректер бойынша: ЖОО бойынша

- 13 мың адам, техникалық және мамандырылған білім бойынша - 17 мың адам; "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша - 200 адам) шығарылады [6].

ҚР ауыл шаруашылығындағы цифрлық технологияларды қолданатын тауар өндіретін ауыл шаруашылықтарының үлесі шамалы, ауыл шаруашылығын жүргізу кезінде бұл өнімділіктің өсуіне және шығыстарды қысқартуда кері әсерін береді.

Ауыл шаруашылығы саласын одан әрі дамыту бағдарламасы шеңберінде мынандай бағыттар жоспарлануда: ауыл шаруашылығын субсидиялау үрдісін автоматтандыру (бұл, өз кезегінде, ұсынылатын субсидиялардың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, бөлінген қаржының игерілуін бақылауға ықпалын тигізер еді); ауыл шаруашылығы техникасына кепіл беру, оны тіркеу, жүргізуші куәліктерін беруді автоматтандыруды дамыту (халыққа техникалық инспекция саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсетуді жеделдетуге мүмкіндік береді) [6].

"Сандық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қазақстанда жер қойнауын пайдаланудағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым саласының іргетасы ретінде "Минералдық ресурстардың "Ұлттық деректер банкі" құру жоспарлануда. Идея мынада, жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын деректерді жинау және сақтау үшін бірыңғай құрал ұсына отырып, мемлекет жер қойнауы туралы деректердің сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сондай-ақ әлеуетті инвесторларға осы деректерді беру арқылы салаға қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бұл құрал минералдық-шикізат кешенін мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырып, жер қойнауын пайдалану құқығын беру үдерістерін автоматтандыру есебінен мемлекеттік органдардың жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілерімен тікелей байланысқа түсу мүмкіндігін жояды.

Сондай-ақ, Қазақстандағы өнеркәсіпті цифрландыру үшін McKinsey&Co мен АЭА "Инновациялық технологиялар паркі" (AlmatyTechGarden) бірлесіп, Цифрлық өнеркәсіп бойынша құзырет орталығын құруды жоспарлайды. Оның мақсаты – өндіруші кәсіпорындарда өндірістік процестерді жүргізу, жобаларды жинау және деректерге терең талдау жүргізуді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша пилоттық жобаларды өткізу.

Бірінші кезекте ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым құрылады, атап айтқанда, цифрлық өнеркәсіп бойынша жобаларды іске асыру үшін 10 ірі кәсіпорында және 1 арнайы экономикалық аймақта өнеркәсіптік ғаламторды қосу. Одан әрі 10 жоба бойынша датчиктер жүйесін енгізу және жетілдіру арқылы өндірісті ішінара автоматтандыру іске асыру жоспарланып отыр.

БҰҰ-ның және Дүниежүзілік экономикалық форумның соңғы мәліметтеріне сәйкес, электрондық үкіметтің индексі бойынша 33-ші, ал желілік дайындық индексі бойынша - ТМД елдері арасында көшбасшы болып, 39-орынды алады.

2017 жылдың бірінші жартыжылдығында eGov порталымен азаматтарға 18 млн-нан астам қызмет көрсетілді. Бұл ретте, электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілген топ бес танымал қызметтердің ішіне "Бірыңғай зейнетақы қоры жүйесінің салым иегері қаражатының түсуі мен қозғалысы туралы ақпаратты беру" қызметі кірді. 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында осы қызметті 1 426 237 рет пайдаланды [7].

Бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұлттық секторын дайындау үшін ақпараттық-технологиялық қызметтердің үлесін 30%-ға дейін ұлғайту қажет, бағдарламалық қамтамасыз ету үлесін - 15 пайызға, ақпараттық жабдықтар үлесін - 55 пайызға; жалпы ақпараттық технологиялар нарығында қазақстандық үлес кем дегенде 32 пайызға; ақпараттық қызметіндегі қазақстандық қызмет үлесі - 80 пайызға жетуі керек [3].

Күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді талдау негізінде келесі міндеттер шешілуі керек:

- 1) Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту.
- 2) Цифрлық теледидар және радио хабарларын таратуды дамыту.
- 3) Қазақстандық ғаламтор желісі сегментін дамыту.

- 4) Электрондық үкімет және электрондық қызметтерді дамыту.
- 5) Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және ІТ-қызметтер секторын дамыту.
- 6) Жоғары технологиялық жабдықтың отандық өндірісін дамыту.
- 7) Ақпараттық коммуникация саласында білім беруді дамыту.

Қазақстандық контентті дамыту және интернет-сауда талаптарына сай электрондық сауда алаңдарын, интернет-дүкендер мен электронды төлемдер жүйесін құру, Қазақстан ғаламтор сегментін инвестициялық тартымды ету керек.

"Қазнет" кеңжолакты қатынауды енгізуге және дата-орталықтарды құруға; электрондық үкімет порталы арқылы ұсынылатын электрондық қызметтер көлемін ұлғайтуға, әлеуметтік маңызы бар интернет-ресурстарды (балалар және жасөспірімдер үшін) құруға ықпал етеді.

Қазақстанда цифрлық экономиканың тереңдеуі бизнестің үстеме шығындарын қысқартады және отандық тауарлардың сыртқы нарықтарға шығуын жеңілдетеді, салық салу базасын арттырады және көлеңкелі экономикада асырылатын сауданың ішінара аяқталуын қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Дин, Д. және Звилленберг, П., (2012). «The Internet Economy in the G-20.bcg.perspectives».
2. «The New Digital Economy. How it will transform business. Oxford economics». Б. 1-7.
3. НИР Есебі (2012) :АТК даму негізінде халыққа электрондық коммерциялық қызметтер көрсету бойынша ұсыныстар әзірлеу. Б. 14-18.
4. 2010 - 2014 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық күштеп дамыту бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Президенті Бұйрығымен бекітілген. Алматы: Ғылым.Б. 5-10.
5. Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңы. Алматы: Ғылым.Б. 11-23.
6. Ерсайн, Т. (2017). «Цифровое правительство как локомотив экономики». <https://kapital.kz/economic/61250/cifrovoe-pravitelstvo-kak-lokomotiv-ekonomiki.html>
7. «Как экономика Казахстана превратится в цифровую?». https://total.kz/ru/news/gossektor/kak_ekonomika_kazahstana_prevratitsya_v_tsifrovuu

УДК 369.03

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ МАССОВОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Маленева Кристина Дмитриевна

007love007@mail.ru

магистрант по специальности: 6М051000 – «Государственное и местное управление»,
Евразийский Национальный Университет им.Л.Н.Гумилева
г.Астана, Республика Казахстан

научный руководитель: Ювица Николай Владимирович
д.э.н., профессор

В настоящее время в Казахстане постепенно начинают оправдывать себя усилия, которые направлены на планомерное и повсеместное развития предпринимательства. Реализуется государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан, созданы социально-предпринимательские корпорации (СПК), основанные на тесном сотрудничестве государства и бизнеса. ВВП Казахстана в двенадцать раз меньше Российского, республика выделила в три раза больше денежных средств на поддержку малого и среднего бизнеса (МСБ) в период кризиса. Доля кредитов МСБ в